

**«ТҰРАН»
УНИВЕРСИТЕТІ»
МЕКЕМЕСІ**



**TURAN
UNIVERSITY**

**УЧРЕЖДЕНИЕ
«УНИВЕРСИТЕТ «ТУРАН»**

Бекітемін
Қабылдау комиссиясының төрағасы,
«Тұран» Университеті» мекемесінің
Ректоры
_____ Алшанов Р.А.
« ____ » _____ 2020 ж.

«Менеджмент»
Кафедрасының отырысында қаралды
« ____ » _____ 2020 ж. Хаттама № ____

**8D04102 - «Менеджмент және басқару»
БІЛІМ БЕРУ БАҒАДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ЕМТИХАН**

БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы – 2020

МАЗМҰНЫ

1	« Менеджмент » пәні – 2 кредит	3
1.1	Курстың бағдарламасы	3
1.2	Емтихан сұрақтары	7
1.3	Әдебиеттер тізімі	8
2	« Стратегиялық менеджмент » пәні – 2 кредит	9
2.1	Курстың бағдарламасы	9
2.2	Емтихан сұрақтары	11
2.3	Әдебиеттер тізімі	12
3	« Инновациялық менеджмент » пәні – 3 кредита	13
3.1	Курстың бағдарламасы	13
3.2	Емтихан сұрақтары	15
3.3	Әдебиеттер тізімі	16

1 ТАЛАПҚЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА **АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ**

1 «Менеджмент» пәні – 2 кредит

1.1 Курстың бағдарламасы

ҰЙЫМ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Ұйым және басқарушылық қызметінің сипаттамасы

Ұйым анықтамасы. Ресми және бейресми ұйымдар. Күрделі ұйымдар және оларға тән ортақ қасиеттер. Басқару қажеттілігі. Менеджердің басқарушылық қызметінің мәні мен мазмұны: сипаттамалары мен менеджерлер орындайтын рөлдер. Менеджмент анықтамасы. Менеджмент функциялары мен дағдылары.

Ұйым иерархиясында менеджмент деңгейлері. Кәсіпкер және менеджер. Кәсіпкерлік басқару. Ұйым табысының құрамалары. Шағын бизнестегі және коммерциялық емес ұйымдарындағы менеджмент.

Менеджмент ғылым және өнер ретінде, басқару дамуының негізгі тенденциялары. Менеджерің жаңа құзыреттері.

Қазақстан Республикасында менеджмент дамуының саяси және экономикалық алғы шарттары.

Басқарушылық ой эволюциясы

Менеджмент дамуының тарихы және кезеңдері. 1900 жылға дейінгі ұйымдар мен оларды басқару. Басқарудың ғылым және өз бетіне зерттеу саласы ретінде танылуы. Әр түрлі мектептер бөлу негізінде басқаруға деген көзқарастар: ғылыми басқару, әкімшілік мектебі, адами қатынастар және мінез-құлық мектебі, басқару ғылымы (немесе сандық көзқарас).

Процессуалдық, жүйелік және жағдайлық көзқарастар: олардың сипаттамалары.

Ұйымның ішкі және сыртқы орталары

Ұйым басқару объекті ретінде. Ұйымның негізгі айнымалылары. Ұйым мақсаттары: олардың әртүрлілігі және бөлімшелердің мақсаттары. Ұйым құрылымы. Міндеттер сипаттамалары, міндеттер және мамандандыру.

Технология технологиядағы ірі бетбұрыстар. Джоан Вудворд, Джеймс Томпсон бойынша технологияларды сыныптау.

Адамдар: тұлғаның жеке қасиеттері. Ішкі айнымалылардың өзара байланыстығы және оларды жүйелі модель түрінде көрсету. Әлеуметтік-техникалық жүйешелер.

Сыртқы орта және оның ұйым үшін маңыздылығы. Сыртқы ортаның сипаттамалары. Тура және жанама әсер етудің негізгі факторлары.

Халықаралық бизнесін басқаруды дамыту. Халықаралық бизнесінің түрлері. Халықаралық ортаның факторлары.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі және менеджер этикасы

Қоғамдағы бизнестің рөлі. Әлеуметтік жауапкершілік түсінігі.

1 ТАЛАПҚЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА **АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ**

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қолдайтын және оған қарсы келтірілетін дәлелдер. Ұйым стейкхолдерлері. Компанияның әлеуметтік жауапкершілігін бағалау. Дискрециялық жауапкершілік әлеуметтік жауапкершіліктің жоғарғы формасы ретінде.

Этика түсінігі. Этикалы шешімдерді қабылдау критерийлері. Этикалық таңдауға ықпал жасайтын факторлар. Компаниядағы этиканы және әлеуметтік жауапкершілікті басқару. Заманауи жағдайда этикалық өзін өзі ұстау және әлеуметтік жауапкершілік маңыздылығының артуы.

БАЙЛАНЫСТЫРУШЫ ҮДЕРІСТЕР

Коммуникациялар

Ұйымды тиімді басқаруды қамтамасыз етуде коммуникацияның рөлі. Ұйым мен оның ортасының арасындағы коммуникациялар. Менеджмент жүйесіндегі көлденең және тік коммуникациялар.

Коммуникациялық үдеріс. Коммуникациялық үдерістің элементтері мен кезеңдері. Тұлғааралық коммуникациялар және олардың жолындағы кедергілер. Тұлғааралық коммуникацияларын жетілдіру жолдары.

Ұйымдастырушылық коммуникациялар және олардың жолындағы кедергілер. Ұйымда ақпаратпен алмасуды жетілдіру жолдары.

Басқарушылық шешімдерді қабылдау

Шешім түсінігі. Басқаруда ұйымдастырушылық шешімдердің рөлі мен маңыздылығы. Басқарушылық шешімдер түсінігі және оларды сыныптау. Шешім қабылдау көзқарастары. Мәселенің ұтымды шешімін қабылдау кезеңдері.

Басқарушылық шешімдерді қабылдау үдерісіне ықпал жасайтын факторлар. Ұйым үшін тиімді шешімдерді қабылдау барысында болатын ақпараттық және мінез-құлықтық шектеулер. Қабылданатын шешімдерінің мүмкін болатын теріс салдарын және жанама әсерін ескеру.

Модельдер типтері. Модельді құру үдерісінің негізгі кезеңдері. Моделдің тиімділігін төмендететін потенциалдық қателер. Басқару ғылымының моделдері. Шешім қабылдау әдістері: төлеу матрицасы және шешімдер ағашы. Болжадың бейресми, сандық және сапалық әдістері.

МЕНЕДЖМЕНТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Жоспарлау

Стратегиялық жоспарлау: мәні, стратегиялық жоспарлау үдерісінің шеңберіндегі басқарушылық қызметінің негізгі түрлері. Ұйымды тиімді басқаруда жоспарлау маңыздылығы. Ұйым миссиясын таңдау. Топ-менеджменттің құндылықтары мен мақсаттары. Мақсаттар сипаттамалары. Сыртқы ортаны бағалау және талдау. Ұйымның ішкі күшті және әлсіз жақтарын басқару тұрғысынан зерттеу. Стратегиялық баламаларды зерттеу және стратегияны таңдау.

ТУ Ф 702–49–19. Білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтихан бағдарламасы.
ТУ СМЖ. Екінші басылым

1 ТАЛАПҚЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА **АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ**

Стратегиялық жоспарды іске асыру. Формальды жоспарлаудың негізгі компоненттері. Стратегиялық жоспардың іске асырылуын бақару және оның орындалуын бақылау.

Бюджеттер және мақсаттар бойынша басқару. Мақсаттар бойынша басқару үдерісінің кезеңдері. МВО бағдарламасының тиімділігі. Стратегиялық жоспарды бағалау.

Ұйымдастыру басқару функциясы ретінде

Ұйымдастыру басқару функциясы ретінде. Делегирлеу, жауапкершілік және өкілеттер. Ұйымдастырушылық өкілеттерінің классикалық концепциясы. Линиялық және аппараттық өкілеттер.

Өкімшілік аппарат типтері. Аппараттық өкілеттердің түрлері. Өкілеттерді бөлуді тиімді ұйымдастыру. Тиімді делегирлеу барысында кездесетін кедергілер.

Басқарудың ұйымдастырушылық құрылымының мақсаты. Ұйымдастырушылық жобалаудың кезеңдері. Ұйымдастырушылық құрылымдарының балама варианттары.

Бюрократиялық ұйымдастырушылық құрылымы: оның артықшылықтары мен кемшіліктері. Департаменттеу және департаменттеудің кең тараған жүйелері: олардың артықшылықтары мен кемшіліктері. Бейімделген (адаптивтік) ұйымдастырушылық құрылымдар: олардың артықшылықтары мен кемшіліктері. Конгломерат типті ұйым.

Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ұйымдар.

Ынталандыру

Ынталандыру түсінігі және ынталандыру түсінігінің эволюциясы. Ынталандырудың алғашқы концепциялары. Ынталандырудың заманауи теориялары.

Алғашқы және екінші қатардағы қажеттіліктер. Қажеттіліктер және ынталанған мінез-құлық. Марапаттаулар: ішкі және сыртқы.

Ынталандырудың мазмұндық теориялары: А. Маслоу бойынша қажеттіліктер иерархиясы; Д. МакКлелландтың қажеттіліктер теориясы; Ф. Герцбергтің екіфакторлық теориясы. Ынталандырудың үдерістік теориялары: күту теориясы, әділеттік теориясы, Портер-Лоулер моделі. Ынталандырудың процессуалдық теорияларының негізгі қорытындылары және олардың басқару тәжірибесінде қолданылуы.

Бақылау

Бақылау мәні және мағынасы. Бақылаудың объективті қажеттілігі. Бақылау түрлері және оның сипаттамалары. Бақылау үдерісінің кезеңдері. Бақылаудың мінез-құлық аспектілері. Тиімді бақылаудың сипаттамалары. Бақылау мен жоспарлауда аппараттық-басқарушы жүйелер. Бақылауға деген жаңа көзқарастар: ашық басқару және бағалаудың теңдестірілген жүйесі.

1 ТАЛАПҚЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА **АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ**

ТОПТЫҚ ДИНАМИКА ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ. ДАУЛАР МЕН ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУ

Топтық динамика

Топ түсінігі. Формальды және формальды емес топтар. Хоторн эксперименттері. Хоторн экспериментінің қорытындылары. Хоторн әсері. Формалды емес ұйым және оның формалды ұйымнан айырмашылығы. Формалды емес топтар мен ұйымдарға адамдардың кіру себептері. Формалды емес ұйымның сипаттамалары. Формалды емес ұйымды басқару.

Дж. Хоманс моделі. Формальды емес ұйыммен байланысты қиыншылықтар мен пайдалар. Топ жұмысының тиімділігіне ықпал жасайтын факторлар. Жиналысты тиімді өткізу туралы кеңестер. Өкілеттер және комитеттер. Комитеттер көмегімен басқару.

Басшылық: билік және ықпал

Көшбасшылық анықтамасы. Басқару мен көшбасшылық арасындағы айырмашылықтар. Билік пер ықпал. Билік мағынасы және оның қажеттілігі. Билік балансы. Билік және ықпал түрлері: оның оң және теріс жақтары.

Саналы сенім арқылы ықпал жасау. Саналы сенім әдісінің шектелулігі. Сендіру және қатысу. Сендіру анықтамасы және оның ықпалының мәні. Ықпал жасауының негізгі құралдары. Тиімді сендіру. Сендіру арқылы ықпал жасаудың күшті және әлсіз жақтары.

Қатыстыру арқылы ықпал жасау. Жоғары деңгейдегі қажеттіліктерге бағдарлану.

Көшбасшылық стильдері

Тиімді көшбасшылықтың маңызды факторларын анықтау туралы көзқарастар. Көшбасшылыққа мінез-құлықтық көзқарас: автократтық және демократтық басшылық, жұмысқа және адамға жұмылдырылған басшылық, Лайкерттің көшбасшылық стильдері, Огайо штатындағы университетінің көшбасшылық стильдерін қос өлшендіріп түсіндіруі, Блейк пен Мутонның басқару торы.

Жағдайлық көзқарас: Ф. Фидлердің жағдайлық моделі, Т.Митчел пен Р.Хаустың “жол - мақсат” көзқарасы, П.Херси мен К.Бланшардың “өмір циклы” теориясы, В. Врум мен Ф.Йеттонның басшының шешім қабылдау моделі.Бейімделінген (адаптивтік) басшылық.

Дауларды және стресстерді басқару

Дау түсінігі. Ұйымда болатын дау типтері. Дау туу себептері. Дау үдерісінің моделі. Даудың функционалдық және дисфункционалдық салдары. Даулық жағдайды басқару. Дауды шешудің құрылымдық әдістері. Дауды шешудің тұлғааралық стильдері.

Стресс мәні. Стреске ұшырау себептері. Стресті төмендетуге мүмкіндік тұғызатын әдістер.

Өзгерістерді басқару

1 ТАЛАПҚЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА **АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ**

Ұйымдастырушылық өзгерістердің мәні. Мақсаттардың өзгерілуі, құрылымдық өзгерістер, технология мен міндеттерде болатын өзгерістер, қызметкерлердің мінез-құлқы, мүмкіндері және ұстанымдарының өзгерілуі. Өзгерістерді басқару. Ұйымдастырушылық өзгерістерді басқару үдерісінің кезеңдері. Өкілеттерді бөлу, заңды билікті қолдану, өкілеттерді делегирлеу тұрғысынан өзгерістерді басқару көзқарастары. Өзгеріске қарсы шығу себептері және оларды жою әдістері

3.2 Емтихан сұрақтары

1. Қызмет түрі ретіндегі менеджменттің мәні мен мазмұны. Ұйымды басқарудағы менеджердің рөлі
2. Ғылыми басқару мектебінің негізгі постулаттары
3. Өкімшілік басқару мектебі: өкілдер, негізгі ережелер
4. Адам қатынастары және мінез-құлық ғылымдары мектебінің жалпы сипаттамасы
5. Басқарудың жүйелік, үдерістік және жағдайлық тәсілдері
6. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі және менеджердің этикасы
7. Басқарудағы коммуникациялардың рөлі. Коммуникацияның түрлері мен стильдері. Коммуникациялық процесс
8. Коммуникациялардағы кедергілер және оларды жою жолдары. Ұйымдағы ақпараттық алмасуды жетілдіру тәсілдері
9. Басқарушылық шешімдер: түсінігі, жіктелуі, шешімдерді әзірлеу және қабылдау процесі.
10. Ұйымды тиімді басқару үшін жоспарлаудың мәні, негізгі түрлері, маңызы
11. Ұйым менеджмент функциясы ретінде. Делегеу, жауапкершілік және өкілеттілік
12. Ұйымдық құрылымның түсінігі және типтері. Ұйымдық құрылымдардың баламалы нұсқалары
13. БІнталандыру теориялары және оларды қазіргі заманғы басқару тәжірибесінде пайдалану
14. Бақылау түрлері және олардың сипаттамасы. Бақылау процесінің кезеңдері.
15. Топтық динамика: мәні және негізгі сипаттамалары
16. Басқару, көшбасшылық және билік. Билік балансы.
17. Көшбасшылыққа деген көзқарастар: басшының жеке қасиеттерін бөлу тұрғысынан, мінез-құлықтық тәсіл, жағдайлық тәсіл
18. Қақтығыстар түсінігі, түрлері, қақтығыстарды басқару. Стресс табиғаты және оларды басқару.

1 ТАЛАПҚЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА **АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ**

19. Ұйымдастырушылық өзгерістердің мәні. Ұйымдастырушылық өзгерістер процесінің кезеңдері. Өзгерістерді басқарудың негізгі тәсілдері
20. Қазақстандағы менеджмент теориясы мен тәжірибесін дамыту. Басқару ғылымының жаңа тенденциялары

3.3 Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет

1. Мескон и др. Основы менеджмента. - М.: Издательство «Вильямс», 2016. – 672 с.
2. Виханский О.С., Наумов А.И. Менеджмент: Учебник. – 2-е изд. – М.: «Экономисть», 2014. – 576 с.
3. Дафт Р. Менеджмент. 8-е изд./пер. с англ. под ред. С.К.Мордовина. – СПб.: Питер, 2009. – 800 с.
4. Друкер П., Макьярелло Дж.А. Менеджмент. – М., 2010. – 704 с.
5. Виханский О.С., Наумов А.И. Практикум по курсу «Менеджмент». - М.: «Экономисть», 2004. – 288 с.

Қосымша:

1. Друкер П. Задачи менеджмента в XXI веке. Пер. с англ. – М.: «Вильямс», 2007. – 286 с.
2. Друкер П. О профессии менеджера. Пер. с англ. – М.: «Вильямс», 2008. – 320 с.
3. Тейлор Ф.У. Принципы научного менеджмента. – М.: Издательство «Контроллинг», 1991. – 77 с.
4. Адизес И. Идеальный руководитель. Почему им нельзя стать и что из этого следует. - М.: Альпина Бизнес Букс, 2016. – 264 с.
5. Стили менеджмента - эффективные и неэффективные. - М.: Альпина Бизнес Букс, 2017. – 200 с.
6. Казначевская, Г. Б. Менеджмент: учебник / Г. Б. Казначевская. – Ростов-н-Дону: Феникс, 2015. – 348 с.
7. Менеджмент: учебник для высших учебных заведений по экономическим специальностям / [А. В. Игнатъева и др.]; под редакцией М. М. Максимцова, М. А. Комарова. – Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2008.
8. Маленков Ю. Современный менеджмент. – СПб.: Экономика, 2010. – 440 с.
9. «Проблемы теории и практики управления», «Менеджмент», «Вопросы экономики» журналдары.

1 ТАЛАПҚЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА **АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ**

2 «Стратегиялық менеджмент» пәні - 2 кредит

2.1 Курстың бағдарламасы

Стратегиялық менеджменттің мәні мен мазмұны.

Стратегиялық менеджменттің мәні жне стратегияның қазіргі заманғы түсінігі. Стратегиялық басқарудың қажеттілігін анықтайтын негізгі факторлар. Стратегиялық менеджменттің негізгі міндеттері.

Ұйымның миссиясы мен мақсатының рөлі.

Ұйымның миссиясы мен мақсаттарын анықтау. Қаржылық мақсаттар. Стратегиялық мақсаттар. Ұйымның тиімді даму стратегиясын құрудың қағидалары. Стратегия құрудың жолдары. Ұйымның стратегиясын құру үдерісі. Стратегиялық кіріспе жасау және стратегиялық позицияны таңдау.

Бизнес бірліктер стратегиясының ерекшеліктері

Бизнес бірліктердің қызмет масштабын анықтау. Өнім координаты, географиялық координата, қызығушылар мен ұйымдастырушылық координаталары. Бәсекелестік артықшылық түсінігі. Тұтынушыларға көрінетін және көрінбейтін артықшылықтар. Құндылықтар тізбегі концепциясының түсінігі. Құндылықтар қалыптастыру тізбегін басқару.

Корпоративтік стратегия: бизнес түрлерінің жиынтығын басқару

Корпорациялардың даму стратегиясының ерекшеліктері. Корпоративтік диверсификация логикасы. Корпоративтік масштаб координаталары. Қызымет масштабын өзгерту әдістері: кеңейу және қысқару. Диверсификацияланған компанияның стратегияларының түрлері: корпоративтік стратегия, іскер стратегиясы, қызымет түрі стратегиясы, операциялық стратегия.

Компанияның сыртқы ортасын бағалау және талдау

Сыртқы ортаға талдау жасау мақсаты. Саланы сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер. Ұйымның сыртқы ортасын талдау әдістемесі және оның күшті, әлсіз жақтарын талдаудың басқарушылық әдістемесі. PEST-талдау. Бәсекелестік ортаға талдау жасау. Бәсекенің бес күші моделі. Стратегиялық топтар картасы. Стратегиялық топтарға талдауы. Бәсекелестер стратегиясын анықтау. Табыстылықтың негізгі факторлары концепциясы.

Компанияның ішкі ортасын бағалау және талдау. SWOT-талдау.

Қолданыстағы стратегияның тиімділік деңгейін бағалау. Ішкі ортаға талдау жасауға арналған құралдар. SWOT-талдау. Компанияның күшті және әлсіз жақтаран анықтау. Құндылықтар тізбегі концепциясы. Қызымет түріне байланысты шығындарды талдау. Компанияның бәсекелестік позициясын бағалау.

Бәсекелес стратегиялар

Төмен шығындар стратегиясы. Кең дифференциация стратегиясы. Оптималды шығындар стратегиясы. Нарықтың шағын секторларын қамтуға

1 ТАЛАПҚЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА **АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ**

бағытталған шоғырланушы стратегиясы. Бәсекелестік жетістік концепциясы. Бәсекелестік жетістік табиғаты мен өмір циклы. Инновациялық стратегиялар: шабуылдаушы стратегиялар, қорғанушы стратегиялар.

Диверсификацияның корпоративті стратегиялары

Диверсификация түсінігі, оның мақсаты. Диверсификация әдістері мен критерилері.

Диверсификация стратегиясы. Қызметтің жаңа түрлері сферасына ену стратегиясы. Туыс салаларға ену диверсификации. Туыс емес салаларға ену диверсификации. Қысқарту және жою стратегиясы. Қайта жаңарту және қайта қалыптастыру стратегиясы. Көпұлттық диверсификация стратегиясы.

Диверсификацияланған компанияларға стратегиялық талдау.

Диверсификацияланған компаниялардың стратегиясын талдау процесі. Диверсификацияланған компаниялардың портфельдік талдауы. Диверсификацияланған портфельді матрицалық талдау көмегімен бағалау. Өсу/ үлес Boston Consulting Group матрицасы. «сала қызықтыруы/ бәсекелестік позиция» General Electric матрицасы. «Өмірлік цикл матрицасы» Hofer/A.D.Little матрицасы.

Стратегияны әзірлеу және жүзеге асыру проблемалары

Жаңа стратегияның бюджетіне және кадр саясатына сәйкес ресурстарды қайта бөлу. Стратегияны қолдайтын саясатты анықтау. Стратегияны жүзеге асырудың негізгі сатылары. Стратегияның табысты жүзеге асыру үшін ұйымды басқару. Стратегияны жүзеге асыру процессін басқару. Бюджет және стратегия. Стратегияны қолдау жүйесі.

Персоналды басқару стратегиясы

Адамдық потенциалды пайдалану стратегиясының мәні. Адам әрекетінің критериалдық базасы. Персоналды басқару стратегиясы мен ұйымның даму стратегиясының өзара байланысы. Ұйымның түрлі даму сатыларында персоналды басқару стратегиясының қалыптасуы. Стратегияны жүзеге асыру барысындағы ынталандыру. Негізгі позицияларға қызыметшілерді таңдау.

Стратегиялық өзгерістерді басқару

Стратегиялық өзгерістердің негізгі аялары. Стратегиялық өзгерістердің мазмұны және оның негізгі мәселелері. Стратегиялық өзгерістерді зеріттеу. Өзгерістерді жүргізу процессін басқару. Өзгерістерді күшпен енгізу әдісі. Адаптивті өзгерістер. Дағдарыстық кезеңдерді басқару. Дағдарыс жағдайын басқару. Қарсыласуды басқару. Әдістерді салыстыру және сәйкес келетін әдісті таңдау.

Стратегияны жүзеге асыру барысындағы мәдениеттің ролі.

Корпоративті мәдениет түсінігі және оның бастамасы. Корпоративтік мәдениет күші. Корпоративтік мәдениет түрлері. Стратегиялық көшбасшылықты жүзеге асыру. Стратегияны қолдайтын климат пен мәдениет қалыптастыру. Құндылықтар жүйесі мен этикалық нормаларды

ТУ Ф 702–49–19. Білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтихан бағдарламасы.
ТУ СМЖ. Екінші басылым

1 ТАЛАПҚЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА **АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ**

тұрақтандыру. Ұйымның ішкі ортасын сыртқы орта өзгерістеріне тез бейімделу қабілетін арттыру. Электрондық коммерциялық компания бизнес үлгілер мен стратегиялар.

Қазақстан Республикасындағы стратегиялық менеджменттің ерекшеліктері

Қазақстандық стратегиялық менеджменттің даму қарқыны. Қазақстанда бизнестің дамуы стратегиясын тиімді құрастырудың негізгі факторлары. Стратегиялық басқару мәселелері. Экономиканың ғаламдану жағдайындағы компанияның бәсекелес басымдылықтарын қамтамасыз ету

Ғаламдану дәуіріндегі бәсекелестік стратегиялар

Сыртқы нарықтарға шығу және онда бәсекелесу стратегиялары. Экономиканы басқару стратегиясының қажеттілігі. Стратегиялық басқару және оның экономикалық өсуге әсері. Ұлттық экономиканың бәсекелік қабілеттілігін қамтамасыз ету. Мемлекеттік стратегиялық басқарудың негіздері. Экономиканы стратегиялық басқару, жоспарлау және бағдарламалау.

2.2 Емтихан сұрақтары

1. Стратегиялық менеджменттің мәні, мазмұны және міндеттері. Стратегиялық менеджмент мектептері
2. Ұйымның миссиясы мен стратегиялық мақсаттарын анықтау. Стратегиялық жоспарлау
3. Кәсіпорынның ішкі ортасын талдау және бағалау
4. Ұйымның сыртқы ортасын талдаудың мақсаттары мен негізгі әдістері
5. Бизнесті әртараптандырудың корпоративтік стратегиясы
6. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін сыртқы ортаның стратегиялық факторларын талдау
7. Кәсіпорынның портфелі және бизнес бірліктер стратегиясының түсінігі. Әртараптандырылған компаниялардың портфельдік талдауы
8. Тиімді стратегияны әзірлеу, стратегияны табысты іске асырудың негізгі факторлары
9. Кәсіпорынның бәсекелестік стратегиясы: мәні, түрлері және негізгі сипаттамалары
10. Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметінің стратегиясы
11. Қызметкерлерді басқару стратегиясы
12. Дағдарысқа қарсы басқарудағы стратегияның рөлі
13. Кәсіпорынның ресурстық әлеуетін талдау
14. АҚШ, Жапония және Батыс Еуропа елдерінің фирмаларындағы стратегиялық менеджмент
15. Қазақстандық кәсіпорындардағы стратегиялық менеджменттің қазіргі жағдайы мен даму үрдістері

ТУ Ф 702–49–19. Білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтихан бағдарламасы.
ТУ СМЖ. Екінші басылым

1 ТАЛАПҚЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА **АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ**

16. Кәсіпорынның функционалдык кіші жүйелерінің стратегиясын әзірлеу
17. Компанияның стратегиялық бәсекелестік артықшылықтарын арттыру факторлары
18. Стратегиялық өзгерістерді басқару. Адаптивті өзгерістер. Дағдарыстық жағдайды басқару. Кедергіні басқару.
19. Ұйымның стратегиясын іске асырудағы корпоративтік мәдениеттің рөлі
20. Жаһандық интеграция жағдайындағы мемлекеттердің даму стратегиясы

2.3 Әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Стратегиялық менеджмент: оқу құралы С.Купешова, К.Мухтарова. - Алматы: Қазақ Университеті, 2015. – 178 б.
2. Стратегический менеджмент. Искусство разработки и реализации стратегии: Учебник для вузов. Томпсон А.А., Стрикленд А.Дж. Юнити-Дана - 2012 год - 577 с
3. Статистическое управление процессами. Оптимизация бизнеса с использованием контрольных карт Шухарта. Уилер Д. М.: Альпина Бизнес Букс, 2013 г., 409 с
4. Организация, ориентированная на стратегию: как в новой бизнес-среде, преуспевают организации, применяющие сбалансированную систему показателей. Нортон Дейвид П., Каплан Роберт С. М.: Олимп-Бизнес, 2014 г., 416 с.
5. Курс МВА по стратегическому менеджменту. Портер М., Прахалад К.К., Самплер Дж.М.: Альпина Бизнес Букс, 2012 г., 588 с.
6. Основы стратегического менеджмента: Учебник для вузов.Изд. 4-е Хангер Дж.Д., Уилен Т.Л. Издательство: Юнити-Дана, 2014 г., 319 с.
7. Сбалансированная система показателей деятельности. От стратегии к действию. Нортон Дейвид П., Каплан Роберт С. пер. с англ. 2-е изд., испр. и доп., М.: ЗАО «Олимп- бизнес». - 2010г., 5 503

Қосымша:

1. Основы стратегического менеджмента: учебник Хангер Дж.Д., Уилен Т.Л. Юнити-Дана 2012 г. 319 с
2. Стратегия и структура корпорации: Учебное пособие для вузов Изд. 2-е, перераб. Гурков И.Б.М.: Дело, 2010 г., 288 с.
3. Стратегический менеджмент: учебное пособие, Кузнецов Б.Т. Юнити-Дана 2012 г. 623 страницы
4. Стратегический менеджмент: Учебник для вузов, Фомичев А.Н. Дашков и К 2014 г. 468 страниц

1 ТАЛАПҚЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА **АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ**

«Инновациялық менеджмент» пәні

3.1 Курстың бағдарламасы

1. Инновациялық менеджмент ғылым ретінде

Инновациялық теориясының негіздері. Инновациялардың теориясы және оның қазіргі заманғы тұжырымдамасын қалыптастыру. «Толқын теориясы» және инновация. Инновация тұжырымдамасы және жіктеу мәні. Идеяларды тудыру. Гипотезаны жүйелік талдау алгоритмі.

2. Инновациялық қызметті макро деңгейде ұйымдастыру

Инновациялық қызмет ерекшеліктері. Инновациялық кластер. Инновациялық инфрақұрылым. Бизнес-инкубаторлар, технопарктер мен технополистер. Ұлттық инновациялық жүйелер. Инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу және қолдау. Инновацияларды қаржыландыру: көздері мен түрлері. Венчурлық қаржыландыру.

3. Инновациялық менеджмент ұйымдастыру

Инновациялық процестің тұжырымдамасы мен мазмұны. Инновациялық процесс: фаза, субъектілері мен шарттары. Инновациялық қызметті ұйымдастыру формалары: жаңашылдар, эксплоренттер, виоленттер, пациенттер, коммутанттар, венчурлық компаниялар (тәуекел). Инновациялық үрдісін басқару ұйымдық құрылымы. Компанияның инновациялық әлеуетінің тұжырымдамасы. Компанияның инновациялық әлеуетін талдау. Ұйымның инновациялық әлеуетінің деңгейін анықтау.

4. Инновациялық стратегиясы

Даму стратегиясындағы инновациялық стратегияның орны мен рөлі. Инновациялық даму стратегиясымен және оның ерекшеліктері мәні. Инновациялық стратегиялар мен оның таңдау әдістерін түрлері. Инновациялық стратегияларын әзірлеу технологиясы.

5. Инновациялық жобаларды басқару

Жобаны басқарудың негізгі түсініктері. «Инновациялық жоба» және олардың жіктелуі туралы түсінік. Инновациялық жобаларды басқару ерекшеліктері. Инновациялық жобаларды қаржыландыру көздері. Инновациялық жобалардың өмірлік циклі. Инновациялық жобаларды әзірлеу және іске асыру. Инновациялық жобаның бизнес-жоспары. Жобаның бақылау әдістері.

6. Инновациялық ұйымдарда персоналды басқару

Персоналды басқару инновациялық ұйымдар мен компанияларды ерекшеліктері. Персоналды басқарудың мәні. Инновациялық компаниялардағы персоналды басқару стратегиясы. Персоналды басқару әдістері. Қызметкерлер мотивациясы. Корпоративтік мәдениет. Басқару стильдері.

7. Зияткерлік меншік объекттерін басқару

ТУ Ф 702–49–19. Білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтихан бағдарламасы.
ТУ СМЖ. Екінші басылым

1 ТАЛАПКЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА **АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ**

Зияткерлік меншік объекттерін қалыптастыру. Зияткерлік меншік объекттерін пайдалану ерекшеліктері. Зияткерлік меншікті объекттерін құқықтық қорғау. Оларды жасау мүшелерінің арасындағы зияткерлік меншік объекттерінің құқықтарын теңгерімді бөлу. Зияткерлік меншік объекттерін бухгалтерлік есептеу және бағалау.

8. Зияткерлік меншік коммерцияландыру

Коммерциялық және коммерциялық емес трансферттер арқылы инновациялар диффузиясы. Патенттік қорғау: патент құқықтары. Лицензиялық сауда. Лицензиялардың түрлері: қорғау әдісі бойынша, беру құқығының көлемі және мазмұны. тұрғысынан. Лицензиялық төлемдер нысаны: біржолғы, роялти және аралас. Әлемдік нарығы лицензиялар: халықаралық нарықта лицензияларды негізгі экспорттаушылар мен импорттаушылар. ЮНИДО - лицензияланатын сауда реттейді халықаралық ұйым.

9. Инновациялық қызметтегі тәуекелдер түсінігі

Тәуекел түсінігі. Инновациялық тәуекелдердің себептері. Тәуекелдер инновациялық процестің әр түрлі сатыларында пайда болуы. Инновациялық тәуекелдер түрлері. Нарықтың инновацияларды қабылдамау тәуекелі. Роялти төлемдер үшін лицензиялар сатудан түскен күтілетін табыстың болмауы. Инновациялық жобаның нақты параметрлерлермен сәйкессіздігі.

10. Инновациялық тәуекелді басқару процесі

Инновациялық тәуекелді анықтау әдістері. Тәуекелдерді бағалау, тәуекел коэффициенті. Инновациялық тәуекелдерді азайту әдістері. Инновациялық тәуекелдерді бейтараптандыру әдістері. Инновациялық тәуекелдерді азайту әдістері: сақтандыру; шектеу; хеджирлеу; әртараптандыру; нарығын бақылау және патенттер қарақшылықтан қорғау.

11. Венчурлық бизнесті ұйымдастыру

Венчурлық бизнес түсінігі және мәні. Венчурлық бизнес қалыптастыру кезеңдері, «жаңашыл», «эксплерент», «виоленттер». Венчурлық капитал. Венчурлық инвесторлар. Венчурлық қаржыландыру механизмі. Венчурлік кәсіпкерлікті дамытуда отандық және халықаралық тәжірибе.

12. Инновациялар тиімділігі

Жаңашылдықты енгізу әсерлері. Инновациялық трансфер. Әсерлер түрлері: ғылыми-техникалық, коммерциялық, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық. Көрсеткіштерін есептеу әдістері: статикалық, динамикалық. Инновациялардың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері: инновациялар пайда, инновациялық рентабельділік деңгейі, инновациялық IRR, инвестициялар өтелу мерзімі.

13. Қазақстанның ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту

Дамыған елдерде инновациялық қызметті инновациялық қызмет мемлекеттік қолдауды мемлекеттік реттеу: Жапония, АҚШ, Ұлыбритания, ТУ Ф 702–49–19. Білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтихан бағдарламасы. ТУ СМЖ. Екінші басылым

1 ТАЛАПҚЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА **АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ**

Франция. Ғылым, техника және Қазақстанның инновациялық саладағы қазіргі жағдайы. Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу.

14. Қазақстан Республикасының инновацияның инфрақұрылымын ұйымдастыру

Инновациялық инфрақұрылым субъектілері мен объектілері. Қазақстан Республикасының Ұлттық инновациялық қордың функциялары. Қазақстан Республикасында венчурлық қорлар құру жөніндегі іс-шаралар. Қазақстан Республикасында зияткерлік меншік бағалау жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар. Қазақстанда кәсіби инновациялық менеджмент қалыптастыру

3.2 Емтихан сұрақтары

1. Инновацияның түсінігі және жіктелуі. Әлеуметтік-экономикалық жүйелерді дамыту үдерістеріндегі инновациялардың орны мен рөлі
2. Инновациялық қызметтің субъектілері мен объектілері, инновациялық қызметтің ерекшеліктері
3. Инноватика теориясының қалыптасуы және оның қазіргі концепциялары
4. Инновациялық менеджмент: пайда болуы, қалыптасуы және негізгі белгілері
5. Әлемдік экономиканың инновациялық даму үрдістері
6. Инновациялық үдеріс инновациялық менеджмент объектісі ретінде
7. «Инновациялық жоба» тұжырымдамасын анықтау және инновациялық жобаларды жіктеу
8. Ұйымның инновациялық әлеуетінің деңгейін анықтау
9. Инновациялық қызметті басқару әдістері және инновациялық өнімді құру
10. Персоналды басқару және инновациялық ұйымның мәдениеті
11. Инновациялық тәуекелдер түсінігі, түрлері және себептері
12. Венчурлік бизнесті ұйымдастыру ерекшеліктері
13. Жаһандану контекстінде инновациялық саланы дамытудың ұлттық ерекшелігін күшейту
14. Зияткерлік меншік объектілерін басқару ерекшеліктері
15. Зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыру
16. Дамыған елдерде ұлттық инновациялық жүйелерді басқару
17. Қазақстан Республикасының Ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту
18. Инновациялық инфрақұрылым институттары және олардың өзара байланысы
19. Қазіргі Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуы: мәселелер мен перспективалары
20. Triple Helix моделінің үштік спиралі: мәні және негізгі сипаттамалары

ТУ Ф 702–49–19. Білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтихан бағдарламасы.
ТУ СМЖ. Екінші басылым

1 ТАЛАПҚЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ТІЗІМІ

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Купешова С.Т. Инновациялық менеджмент. А: «Қазақ университеті», 2010.
2. Тургинбаева А.Н. Инновации и риски. Учебное пособие Алматы «Қазақ университеті» 2016.
3. Национальная инновационная система Республики Казахстана. Купешева С.Т. МНПК «Индустриально-инновационное развитие РК». С 121-125 Алматы: Қазақ университеті, 2015.
4. Инновационное развитие предприятий: национальный и зарубежный опыт. Мухтарова К.С., Турсынқулова З. МНПК «Финансовый механизм повышения инновационной активности в экономике Республики Казахстан» Часть 1. Алматы: Қазақ университеті, 2013.
5. Мустафин М.А. Раимов С.Р. Инновационный менеджмент и Менеджмент. Учебн.паркт. Пособие – Алматы, PRINT EXPRESS, 2014. 136 с.
6. Мустафин М.А. Инновационный проект: концепции, алгоритмы, Менеджмент, управление: Монография. – Алматы, PRINT EXPRESS, 2015. 225 с.
7. Инновационный менеджмент. Учебное пособие/ под ред. д.э.н. А.В. Барышевой – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2017. 348 с.
8. Управление инновациями в организации: учеб.пособие по специальности «Менеджмент организации»/ А.А. Бовин, Л.Е. Чередникова, В.А. Якимович. – Москва. Издательство «Омега-Л» 2016. 415 с.

Әзірленген
«Менеджмент»
кафедрасының меңгерушісі

_____ **Э.М. Ералина**

Келісілді
Экономика
факультетінің деканы

_____ **Д.И. Разакова**